

**Тауарларды жою кеден режимінде кедендік ресімдеу тәртібі туралы
Нұсқаулықты бекіту туралы**

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 2 желтоқсан N 596-Б Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 14 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 997. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001.02.09. N 46 бұйрығымен. ~ V011444

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Бекітілсін:
 - 1) Тауарларды жою кеден режимінде кедендік ресімдеу тәртібі туралы Нұсқаулық (N 1 қосымша).
 - 2) Жою туралы актінің нысаны (N 2 қосымша).
2. "Жою кеден режимі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 148-П V950130_ бұйрығы күші жойылған деп танылсын.
3. Құқықтық қамсыздандыру басқармасы (Г. Мұхамедиева) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
4. Кеден режимдері мен кедендік ресімдеуді бақылауды ұйымдастыру Бас басқармасы (М. Байбұлов) осы бұйрықтың жүзеге асуын қамтамасыз етсін.
5. Баспасөз қызметі (Г. Исахан) осы бұйрықтың жариялануын қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары Б. Жұмабаевқа жүктелсін.
7. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

N 1 қосымша

Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
1999 жылғы 2 желтоқсан N 596-Б
бұйрығымен бекітілді

Жою кеден режимінде тауарларды
ресімдеу тәртібі туралы
Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 100-бабына сәйкес тауарларды жою кеден режимі оларды пайдалануға жарамсыз жағдайға келтіруді қоса кеден бақылауында, кеден баждарын алусыз және бейтарифтік реттеу шараларын қолданусыз тауарларды жоюға арналған.

2. Тауарларды жоюға мұндай жоюдың мүмкіндігі туралы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жөніндегі Агенттігінің және Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары беретін қорытынды болған кезде жол беріледі.

3. Тауарларды жою мүдделі адаммен өз есебінен жүргізіледі және Қазақстан Республикасының кеден органдарына қандай да болсын шығындар келтірмеуге тиіс.

4. Жою кеден режимі өтінішінің заңдылығы үшін, сондай-ақ осы режим шарттарының сақталуы үшін кеден органдарының алдындағы жауапкершілік мағлұмдаушыға жүктеледі.

2. Жою кеден режимін қолданудың шарттары

5. Жою кеден режиміне Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы нақты тасымалданған, әкелінетін шетел тауарлары орналастырылады.

6. Жою кеден режиміне:

1) бұйымдар мен материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін тауарлар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес жекелеген тауарлардан

басқа;

2) Қазақстан Республикасы және шетел мемлекеттері халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігінің заттары;

3) жоғалу қаупіндегі жануарлардың және өсімдіктердің түрлері, олардың бөлшектері мен дериваттары, эпидемия мен эпизоотиялардың жолын кесу мақсатында кешіктірмей жою талап етілетін жағдайлардан басқа;

4) кеден органдарымен кепілдеме заттары ретінде қабылданған тауарлар мен көлік құралдары - кепілдеме қатынастары тоқтағанға дейін;

5) қылмыстар мен кеден ережелерінің бұзушылықтары туралы істер бойынша айырылған тауарлар мен көлік құралдары;

6) тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары;

7) сотпен тәркілеу туралы шешім қабылданған тауарлар мен көлік құралдары орналастырылмайды.

7. Кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын жою кеден режиміне орналастыруға:

1) егер тауарлар мен көлік құралдарын жою қоршаған табиғи ортаға айтулы зиян келтіретін болса;

2) егер тауарлар мен көлік құралдарын жою Қазақстан Республикасының кеден органдары үшін шығындар келтірсе немесе келтіруі мүмкін болса;

3) егер кеден органында тауарлар мен көлік құралдарын нақты жоюды бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі болмаса рұқсат бермейді.

8. Жою:

1) нәтижесінде тауарлар мен көлік құралдары толығымен жойылатын жылу, химиялық, механикалық немесе өзге жолдармен (өртеу, қирату, көму және т.б.);

2) тесіктер жасау, жарықшақтау, мұндай зақым келтірулер тауарлар мен көлік құралдарын қайта қалпына келтіру және оны бастапқы түрінде пайдалану мүмкіндігін болдырмайтын жағдайлар кезінде өзге тәсілдермен зақым келтіруді қоса, демонтаж, бөлшектеу, механикалық бұзу жолымен жүргізіледі.

9. Тауарлар мен көлік құралдарын жою "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын сақтаумен жүргізіледі.

10. Заңның 102-бабына сәйкес тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтар оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, жою режимін мәлімдеген тұлға арқылы олар кеден бақылауындағы шетел тауарлары ретінде тиісті кеден режимінде немесе кеден ісі жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен көзделген жағдайларда отандық тауарлар ретінде орналастырылуға тиіс.

11. Кеден органы қалдықтарды кедендік ресімдеу орнын анықтайды.

Кеден органы қалдықтарды уақытша сақтау орындарына орналастыруға жататындығын анықтайды.

12. Қалдықтар болып табылатын тауарларды шығару немесе таңдап алынған кеден режиміне сәйкес тұлғаның өкіміне беру Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жою кеден режиміне орналастырылатын тауарларды кедендік ресімдеу

13. Жою кеден режиміне орналастырылатын тауарлар көлік құралдарын кедендік ресімдеуді қызмет аймағында осындай тауарлар мен көлік құралдары орналасқан кеден органы жүргізеді.

14. Жою кеден режиміне орналастырылған тауарлар кедендік жүк мағлұмдамасын толтыру тәртібі туралы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылған кедендік жүк мағлұмдамасын кеден органына тапсыру жолымен белгіленген тәртіпте мағлұмдалады.

15. Кеден мағлұмдамасымен бір уақытта кеден органына жүк және тауарға ілеспе құжаттары (жөнелтпе құжаттар, коносаменттер, шот-фактуралар және т.б.) , сондай-ақ кедендік ресімдеу өндірісі мен кеден бақылауын жүргізу үшін қажетті өзге құжаттар тапсырылады.

16. Тауарларды тасымалдаушы тұлға немесе тасымалдаушы көлік құралдары қатысында кеден органына жою актіні осы кеден органының белгілеген мерзімдерінде тапсыруға міндетті.

4. Қорытынды ережелер

17. Тауарлар мен көлік құралдарын жою кеден бақылауында жүргізіледі.

18. Тауарлар мен көлік құралдарын нақты жою туралы N 2 Қосымшада келтірілген нысан бойынша акт жасалады. Аталған актіге тауарды тасымалдаушы тұлғаның уәкілетті өкілі немесе тасымалдаушы, тауарлар мен көлік құралдарын нақты жою кезінде қатысқан өзге тұлғалар қол қояды.

Жою кеден режимінде

кедендік ресімдеу тәртібі
туралы Нұсқаулыққа
N 2 қосымша

(кеден органының атауы)

Тауарларды жою туралы

Акт

Осы акт 199__ж. "____"_____ жасалды,
төменде аталған тұлғалардың қатысуымен жою жүргізілді

(тауарлар мен көлік құралдарының атауы, жеке белгілері,

саны (мөлшері, салмағы және т.б.), сондай-ақ оларды жою
тәсілдері мен орны.

Жою нәтижесінде алынғандар: _____
(қалдықтардың атауы, жеке белгілері,

саны (мөлшері, салмағы және т.б.)

Жою кезінде қатысқандар:

(жою кезінде қатысқан тұлғалардың қызметі, жұмыс орны, аты-жөні)

қолы

(тауарлар мен көлік құралдарын жою кеден режиміне орналастырған
тұлғаның уәкілетті өкілінің қызметі және аты-жөні) қолы

(кеден органы лауазымды тұлғасының қызметі мен аты-жөні қолы)

М.О.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК